



ЕГЕР БҮГІНДЕ БАЛАЛАР  
ҮЙЛЕРІ МЕКЕМЕДЕ БАЛАЛАРДЫ  
КҮТІП-ҰСТАУҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫ  
ТӘУЕЛСІЗ ӨМІРГЕ  
ДАЙЫНДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН  
БОЛСА,  
**ҚОР КЕЛЕСІ**  
**ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНАДЫ**

ата-ана  
қамқорлығынан  
айырылу қаупі бар  
отбасымен алдын ала  
жұмыс жүргізу

баланы мекемеден  
отбасына қайтару  
үшін туған отбасын  
оңалту

балаларды отбасына  
орналастыруға дайындау  
(туған туыстарына, мүмкін  
болмаған жағдайда –  
қабылдаушы отбасына  
орналастыру)

туған, қабылдаушы  
отбасыларды және  
балалар үйінің  
түлектерін  
сүйемелдеу

## «ҮЙДЕГІДЕЙ» БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ

Бұл қызмет қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды уақытша орналастыруды болжайды. Қызметтің негізгі мақсаты - балаларды оңалту және отбасына орналастыруға дайындау.

Жетім балалар, отбасыларынан ажыратылған балалар үшін терапевтік жағдай жасау өте маңызды, өйткені бұл әдетте қайғы-қасірет жағдайындағы, ата-анасынан айырылған балалар, немқұрайлылық пен зорлық-зомбылықты басынан өткерген балалар, бауырмалдылықты сезінбеген балалар. Тәрбиешінің әр балаға уақыты болуы керек - оны қолдау, тыңдау, жанашырлық таныту үшін.

Бүгінгі таңда топтарда 12-ден 15-ке дейін бала бар және тәрбиешінің әр баламен жеке жұмыс істеуге уақыты жетіспейді. Сондықтан топтағы балалар санын 8-ге дейін азайту қажет.

!!!Тәрбиешілер өз жұмысында жарақаттану жағдайларын басынан өткерген балаларға көмек көрсету қағидаттарын басшылыққа алуы, "жақын ересек адамның" құзыретіне ие болуы (сезімталдық, жанашырлық, эмоционалды және физикалық қолжетімділік, баланың бастамасын қолдау және т.б.), балаларды оңалту және қолдау әдістері мен технологияларын білуі маңызды.

Баланы оңалту және отбасына орналастыруға дайындау құралдарының бірі - "жақын ересек" тәрбиешіден, психологтан, әлеуметтік педагогтан, қосымша білім беру мұғалімдерінен тұратын пәнаралық команда әзірлейтін **Жеке даму және өмірін қалыптастыру жоспары** (ЖДӨҚЖ). Бұл жоспар күшті жақтарды - баланың ресурстарын, білімін егжей - тегжейлі сипаттауды және күшейтуді, әлсіз тұстарынан айқындап, жетілдіруді ғана емес, сонымен қатар баланың тәжірибесін, қажеттіліктері мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қабылдаушы отбасын (туған отбасына оралу мүмкін болмаған жағдайда) таңдауға арналған ұсыныстарды қамтиды.

## ОТБАСЫНЫ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ

Бала мекемеде болған кезде отбасымен бірге отбасын қолдау қызметінің мамандары жұмыс істейді: әлеуметтік педагог, психолог, заңгер. Егер отбасын оңалту мүмкін болмаса, балаларды қамқорлыққа ала алатын туған туыстарын іздеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ орталық қызметкерлері отбасын бала үшін сақтап қалу мақсатында ҚӨЖ-дағы отбасылармен жұмыс істейді.

## СҮЙЕМЕЛДЕУ ҚЫЗМЕТІ

Баланы туған отбасына қайтару мүмкін болмаған жағдайда, қабылдаушы отбасын және балаларға арналған интернат мекемелерінің түлектерін даярлаумен және сүйемелдеумен айналысатын сүйемелдеу қызметінің мамандары балаға қабылдаушы отбасын Жеке даму және өмірін қалыптастыру жоспарының ұсынымдық бөлігіне сәйкес таңдайды. Бұл жоспар ата-аналар мен сүйемелдеу қызметінің мамандарына баланы жақсырақ білуге және баланың отбасына бейімделуіне жағдай жасауға көмектеседі.

## МЕДИЦИНАЛЫҚ- ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ

### ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚАРАЙ ҮШ БӨЛІМНЕН ТҰРАДЫ:

балаларды күндізгі уақытта орналастыру - қиын өмірлік жағдайдағы және оңалтуды қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға арналған бөлімше

балаларды уақытша орналастыру - қабылдаушы отбасына орналастыруға дайындалып жатқан туған ата-аналары қалдырып кеткен балаларға арналған бөлімше

отбасында тұратын ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалту - ата-аналарға ерекше қажеттіліктері бар балаларды күту және дамыту дағдыларын үйретуге арналған бөлімше

Мекемелердің трансформациясы құрылымдық өзгерістерден басқа (топтардағы әр түрлі жастағы және жыныстағы балалар санын 6-ға дейін азайту, "жақын ересектердің" жұмыс кестесін өзгерту, жеке және отбасылық кеңістікті ұйымдастыру) қызметкерлерді "жақын ересек адамның" құзыретіне оқытуды көздейді. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына балалардың интернаттық мекемелерге түсуінің алдын алу үшін кәсіби медициналық, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету өте маңызды.

## ҮШ БӨЛІМШЕДЕН ТҰРАДЫ

Отбасын қолдау қызметі ерекше қажеттіліктері бар балалардың отбасыларын қолдауға бағытталған. Бұл қызмет екі бөлімшеден тұрады – балаларды күндізгі уақытта орналастыру (өмірлік қиын жағдайдағы және оңалтуды қажет ететін отбасылардан шыққан балалар үшін) және балаларды уақытша орналастыру (3 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар, өзіне-өзі қызмет көрсету қабілетін ішінара немесе толығымен жоғалтқан балаларды оңалту үшін, ата-аналарының немесе олардың заңды өкілдерінің сүйемелдеуімен).

"Үйдегідей" ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалту және қолдау қызметі "Үйдегідей" моделін енгізу арқылы балалардың өмір сүру сапасын өзгертуге бағытталған: балалар санын 6-ға дейін азайту, персоналды "жақын ересек" кұзыретіне оқыту. Жетім балалармен және АҚҚ балаларды алмастыратын отбасыларға орналастыруға дайындау бойынша жұмыс жүргізілуде (ЖДӨҚЖ әзірленуде).

Сүйемелдеу қызметі дербес өмірге бейімдеу мақсатында өз бетінше өмірге әлеуеті бар АӘҚКО түлектерін кешенді сүйемелдеуге бағытталған

## ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА «БАЛАЖАН» БАҒЫТЫ БОЙЫНША СЕГІЗ МЕКЕМЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ:



1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" МКК,
2. «Шортанды балалар үйі" ММ,
3. Ақкөл қаласындағы "Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған №1 балалар үйі" КММ,
4. Ақмола облысы Урюпинка ауылы "Балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешені" КММ;
5. "Көкшетау қаласының Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" КММ,
6. Ақмола облысы Сандықтау ауылы "Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы" КММ;
7. "Батыс Қазақстан облысының Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Көшім арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" КММ;
8. Батыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Мейірім "облыстық мамандандырылған балалар үйі" ММ.